1 қосымша
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
білім басқармасы» КММ
2023 жылғы 27.02 № 256 бұйрығына

«БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ» (ББДА) өңірлік білім беру мониторингін жүргізу туралы Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Білім алушылардың білімі мен дағдыларын айқындау мониторингін» жүргізу ережесі (бұдан әрі – Ереже), «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 22-1-тармақшасына, 10-бабының 3-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын айқындау (бұдан әрі – ББДА) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыз № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2903 болып тіркелген) бекітілген тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігіне білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасын жүйелі қадағалау болып табылады (әрі карай-МЖМБС). Ол тестілеу нәтижелерін дайындау мен өткізуді, өңдеуді және жүйелі талдауды, кейіннен әдістемелік көмек көрсетуді және білім беру сапасын қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтиды.

3. Бастауыш, негізгі орта білім беру ұйымдарында ББДА өткізу мақсаты:
- Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі (бұдан әрі – ББЖМ);
- Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау (бұдан әрі - ООЖБ);
- TIMSS, ICILS, PIRLS, PISA халықаралық зерттеулер жүйелі түрде өткізу.

4. ББДА өткізудің негізгі міндеттері:
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдалана отырып, білім беру саласындағы тәуелсіз өңірлік, республикалық және халықаралық зерттеулерге қатысу дағдыларын әзірлеу;
- оқушылардың білім деңгейлерін, оның ішінде оқу сауаттылығын және жаратылыстану-математикалық цикл пәндерін талдау;
- пәндер мен зерттелетін тақырыптар бойынша проблемалық аймақтар мен олқылықтарды анықтау;
- пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.

2. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын айқындауды жүргізу тәртібі

5. Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында ББДА 3 және 7 сынып оқушылары сәуір – мамыр айлары аралығында өткізіледі.

6. ББДА 3 сыныптарда кешенді тестілеу түрінде цифрлық платформаларда және үш бағыт бойынша оқыту тілінде (оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы) АКТ қолдану арқылы өткізіледі.

7. ББДА 7 сыныптарда цифырлық платформада және үш бағыт бойынша оқыту тілінде (математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы және оқу сауаттылығы) АКТ қолдана отырып кешенді тестілеу түрінде өткізіледі.

8. Тестілеу жыл сайын тестіленушілер оқытылатын орта білім беру ұйымдарының базасында өткізіледі.

9. ББДА-ға осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген білім алушылар қатысады, үйде (денсаулық жағдайы бойынша) немесе ұзақ емделуге мұқтаж балаларға арналған санаторлық үлгісіндегі сауықтыру мекемелерінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі - ЕБҚББ), психикалық дамуының кешігуі (бұдан әрі - ПДК), жеңіл ақыл – ой кемістігі (бұдан әрі – ЖАК), орташа ақыл-ой кемістігі (бұдан әрі-ОАК), сондай-ақ тестілеу сәтінде объективті себептер бойынша (денсаулық жағдайы бойынша, жақын туыстары қайтыс болған жағдайда, жарыстар мен олимпиадаларға қатысуға байланысты) болмаған тұлғалар қатыспайды.

10. Мониторингті жүргізуді ұйымдастыру «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ (бұдан әрі-БСӘЖжАТО) болып табылады.

11. БСӘЖжАТО қатысушыларды бір ай бұрын іс-шараны дайындау және өткізу жөніндегі жұмыс туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

12. ББДА өткізілетін бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарының тізбесін жыл сайын Білім басқармасы айқындайды. Мониторингке қатысушыларды таңдау рәсімі өткен жылдардағы халықаралық зерттеулерге және ББЖМ-ға қатысу нәтижелері бойынша қолда бар деректерді ескере отырып, іріктеу арқылы жүргізіледі. Білім беру ұйымдарын іріктеу мынадай параметрлер бойынша жүзеге асырылады:

- аумақтық тиесілігі (қала, ауыл);
- жалпы білім беретін мекеменің түрі (жалпы білім беретін мектеп, лицей, гимназия, мектеп-гимназия, мектеп-лицей);
- білім алушылар контингенті;
- оқыту тілі (қазақ / орыс);
- білім беру ұйымдарының қатысу пайызы 10 % кем болмауы тиіс.

13. Білім беру ұйымдарында ББДА ұйымдастыру және өткізу үшін Білім басқармасы жүргізуге қатысатын білім беру ұйымдарының әдістемелік бөлімдерінің, кабинеттерінің, педагогикалық ұжымдарының құрамынан

жергілікті жерлерде ББДА өткізуді қамтамасыз етуге жауапты үйлестірушілердің тізімін бекітеді.

14. Тестілеу басталғанға дейін облыстық үйлестіріші компьютерлік аудиториялардың дайындығын тексереді және білім беру ұйымы ұсынған білім алушылар тізіміне сәйкес тестіленушінің жеке кодымен тестіленуші тұлғаларды сәйкестендіруді жүзеге асырады.

Тестілеуді бастамас бұрын тестіленушіге сілтеме беріледі.
Аудандық\қалалық жауапты үйлестіруші ББДА өткізу тәртібі бойынша білім алушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

15. Білім беру ұйымдарында ББДА жүргізу қағидаларының сақталуын бақылауды облыстық үйлестіруші YouTube арналары арқылы жүзеге асырады.

16. Тестілеуді өткізу кезінде білім алушыларға сөйлесуге, қағаз, электрондық және өзге де тасығыштарда ақпаратты пайдалануға тыйым салынады.

Тестілеуден өту кезінде калькуляторды, анықтамалық әдебиеттерді (Менделеев кестесі мен тұздардың ерігіштік кестесінен басқа), электрондық дәптерлерді және қабылдаушы - таратушы электрондық құрылғыларды (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтарды) пайдалануға рұқсат етілмейді.

17. Тестіленуші осы Қағидаларды бұзған жағдайда, аудандық\қалалық жауапты үйлестіруші тестіленушіні аудиториядан шығару туралы шешім қабылдайды, тыйым салынған заттарды анықтау және тестіленушіні аудиториядан шығару актісін жасайды, осы тестіленушінің нәтижелері жойылады.

18. Тестілеу кезінде аудиторияға тек жауапты үйлестірушілер кіреді. ББДА ұйымдастыру және өткізу режимі оқушылардың осындай тестілеуге қатысу дағдыларын дамыту мақсатында халықаралық зерттеулер, ББЖМ жүргізу жағдайын қайталайды. Тестілеуді өткізу кезінде білім алушыларға аудиториядан рұқсатсыз шығуға тыйым салынады.

19. Тестілеу рәсімдерінің бағдарламалық және техникалық қамтамасыз етілуін, ББДА нәтижелерін статистикалық өңдеуді өткізу жоспарына сәйкес БСӘЖжАТО жүзеге асырады.

20. БСӘЖжАТО тестілеу тақырыптары бойынша білім олқылықтарын толтыру мақсатында ұйымдардың оны пайдалануы үшін білім беру саласындағы ағымдағы жағдайды бағалауды көрсететін талдамалық есеп қалыптастырады.

21. ББДА нәтижелері бойынша БСӘЖжАТО оны бітірген күннен кейін үш ай ішінде ББДА нәтижелеріне кешенді талдау және әдістемелік ұсынымдарды білім беру ұйымдарына және аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттерге жібереді.

3. Тест тапсырмаларының сипаттамалары

22. Тест тапсырмаларының саны, мазмұны және нысаны, сондай-ақ тестілеуге бөлінетін сағаттар саны тесттің сипаттамасымен анықталады.

23. Тесттің сипаттамасын БСӘЖжАТО әдіскерлері әзірлейді.

24. 3 сыныптарда тапсырмалардың жалпы саны – 30 (10 - оқу тілінде оқу сауаттылығы (қазақ/орыс), 10 - математикалық сауаттылық, 10-жаратылыстану сауаттылығы).

30 тапсырманы шешуге бөлінген уақыт 1 сағат 15 минут (75 минут) оның 15 минуты демалысқа беріледі.

Тест тапсырмаларының нысаны - бір дұрыс жауапты таңдау.

Максималды балл - 30 (100%).

25. 7 сыныптарда тапсырмалардың жалпы саны – 50 (15 - оқу сауаттылығы, оқу тілінде (қазақ / орыс), 15 - математикалық сауаттылық, 20 - жаратылыстану сауаттылығы, оның ішінде география бойынша 5 тапсырма, биология бойынша 5 тапсырма, химия бойынша 5 тапсырма, физика бойынша 5 тапсырма.

50 тапсырманы шешуге бөлінген уақыт- 1 сағат 30 минут (90 минут).

Тест тапсырмаларының нысаны - бір дұрыс жауапты таңдау.

Максималды балл-50 (100%).